

Бағдарламаның атауы: BR10765064 «Халықаралық және шетелдік стандарттар мен талаптарға және басыңқы өткізу нарықтарына сәйкес Қазақстан Республикасында органикалық өндірістің дамуын нормативтік-құқықтық және әдістемелік қамтамасыз ету»

Өзектілігі: Зерттеу үрдісінде өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығын органикалық жүргізудің әлемдік тәжірибесі, технологиялық үрдістер мен өнімдерге қойылатын талаптар мен стандарттар, Қазақстанның ішкі нарығында және әлемдік нарықтарда органикалық азық-түлік пен шикізаттарға деген сұраныс зерделенетін болады (ЕО, Қытай, Ресей, араб елдері). Күтілетін нәтижелер: а) Зерттеу органикалық өнім өндіру мүмкіндіктері мен нарықтың тұтынушылығы туралы жаңа білім алуға мүмкіндік береді. б) Органикалық өнімнің экспортқа нысаналанған нарығын өндіру мен қалыптастырудың ұйымдастырушылық-экономикалық жағдайларын негіздеу. в) Өткізудің басыңқы нарықтары бойынша халықаралық, мемлекетаралық стандарттармен және шет мемлекеттердің стандарттарына сәйкес органикалық өндірісті дамытудың бағдарламалық-ақпараттық негізін құру және нормативтік-құқықтық, әдістемелік қамтамасыз етуді өзектендіру. Шешілетін міндеттердің өзектілігі. Әлемнің көптеген елдерінде (Австрия, Германия, Франция, АҚШ және т.б.) елеулі көлемде органикалық тамақ өнімдері өндіріледі. Органикалық өндіріс синтетикалық минералдытыңайтқыштарды, химиялық пестицидтерді, оның ішінде өсімдіктерді қорғау құралдарын, жануарларға арналған ветеринарлық препараттарды және т.б. пайдалануды шектейді немесе болдырмауға тосқауыл болады. Зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеу нақты қолданбалы сипатқа ие. Сондықтан алған білімді фермерлер арасында тарату ауыл шаруашылығын экологияландыруға, органикалық тағам өнімдерін өндіруге ықпал етеді. Жобаны коммерциялық жүзеге асыру және өнімнің жекелеген түрлерін экспорттау мүмкіндігі кеңейеді.

Мақсаты: Бағдарламаның мақсаты халықаралық және шетелдік стандарттар мен талаптарға және басым өткізу нарықтарына сәйкес Қазақстан Республикасында органикалық өндірістің дамуын нормативтік-құқықтық және әдістемелік қамтамасыз ету болып табылады.

Күтілетін нәтижелер:

Ғылыми жоспарда, Қазақстанда алғаш рет егжей-тегжейлі талдау негізінде қызметті іске асыру Қазақстанның ішкі және сыртқы нарығы жағдайларында органикалық өнімді өндіруге және өткізуге әсер ететін негізгі факторлар анықталатын болады.

Антропогендік факторлар ықпалынан ауыл шаруашылығы алқаптарының агроэкологиялық жағдайына баға беріледі және әртүрлі деңгейлер бойынша топырақ пен ауыл шаруашылығы жүйелерінің ластану дәрежесі анықталады.

ҚР агроқұрылымдарының шаруашылықтанудың органикалық әдістеріне көшудің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салдары негізделеді.

Аграрлық шикізатты өндіру, қайта өңдеу және халықаралық нарыққа ұсыну сатысында органикалық өнім нарығына қатысушылардың моделдері әзірленетін болады.

БҒСБК (ККСОН) ұсынылған басылымдарда 4 мақала, Scopus (Q3) нөлдік емес импакт-факторлы пәнаралық басылымдарда 2 мақала жарияланатын болады.

Бағдарлама материалдарына негізделген кемінде 2 магистерлік диссертация қорғалатын болады.

Бағдарлама материалдарына негізделген кемінде 1 докторлық диссертация қорғалатын болады.

Бағдарлама материалдарына негізделген кемінде 5 дипломдық жоба (жұмыс) қорғалатын болады.

Қазақстан Республикасының органикалық ауыл шаруашылығын дамытудың 2022-2023 жылдарға арналған Жол картасының жобасы әзірленетін болады.

Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық дақылдарының органикалық тұқымдарының Реестрін қалыптастыру және оның жұмыс істеуі бойынша Концепция әзірленетін болады.

Органикалық өнімнің өндірісі мен айналымын қадағалау жүйесін қолдану жөнінде Концепция (тұжырымдама) әзірленетін болады.

Жердің (топырақтың) жарамдылығын бағалау және органикалық өнім мен шикізатты өндіру аймақтарын белгілеу Ережесі әзірленетін болады.

Органикалық өнім өндіру мен өткізудің нақты бағыттары бойынша Әдістемелік ұсыныстар әзірленетін болады.

Органикалық ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен өткізудің жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз ету бойынша аграрлық секторы дамыған елдердің практикасына шолу жүргізілетін болады.

Органикалық өндіріске қатысушылармен 2 семинар өткізілетін болады.

Органикалық өнімді есепке алу және қадағалау жүйесі құрылатын болады.

Органикалық өнімді өндіру және өткізудің негізгі қатысушыларының ақпараттық алаңы құрылатын болады.

Органикалық өнімді өндіру мен өткізу туралы бейнефильм түсіріледі.

2021 жылы алынған нәтижелер:

Қазақстанда және әлемде органикалық өнім өндіру мен оны өткізудің жағдайына талдау жасалынды, органикалық өнім нарығының нысаналы топтарына сауалнама жүргізілді және нәтижелері өңделді, антропогендік фактор әсерінен ауыл шаруашылығы алқаптарының агроэкологиялық жағдайына баға берілді және әртүрлі деңгейлер бойынша топырақ пен ауыл шаруашылығы жүйелерінің ластану дәрежесі айқындалды, жердің (топырақтың) жарамдылығын бағалау процедурасының тұжырымдамасы және органикалық өнім мен шикізат өндіру аймақтарын белгілеу әзірленді, антропогендік фактор әсерінен ауылшаруашылық алқаптарының агроэкологиялық жағдайын бағалау және әртүрлі деңгейлер бойынша ластану дәрежесін зерделеу жөнінде нақты тәжірибелік сынақ меңгерілді, Қазақстан Республикасының органикалық ауыл шаруашылығын дамытудың 2022-2023 жылдарға арналған Жол картасының жобасы әзірленді, органикалық өнім өндіру саласында іс жүзінде қолданыстағы стандарттау бойынша құжаттарға мониторинг (ғылыми-техникалық, ұйымдастырушылық және тәжірибелік деңгейді талдау және бағалау) жүргізілді.

Өндіру дәрежесі. Кейбір жобалар мен концепциялар Қазақстан Республикасының органикалық ауыл шаруашылығы саласында жаңа заңнамалық базаның негізін қалады.

Қолдану саласы. Зерттеу нәтижелері АӨК кәсіпорындарының органикалық ауыл шаруашылығына көшу кезінде, салалық министрліктер мен ведомствалар тиісті нормативтік-құқықтық, әдістемелік және басқа да актілерді әзірлеуде, білім беру мекемелерімен кадрлар даярлауда және басқа да мүдделі тұлғалармен қолданылатын болады.

Жұмыстың экономикалық тиімділігі немес маңыздылығы. Жұмыстың экономикалық тиімділігі мен маңыздылығы органикалық ауыл шаруашылығымен айналысатын ауылшаруашылық кәсіпорындарын құру үшін жағдай жасау, олардың табыстылығын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының халқы үшін органикалық ауылшаруашылығы өнімдерінің қолжетімділігіне жағдай жасауды қамтамасыз ету болып табылады.

2022 жылы алынған нәтижелер:

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы дақылдарының органикалық тұқымдарының тізілімін қалыптастыру және оның жұмыс істеуі жөніндегі тұжырымдама әзірленді.

Органикалық басқару әдістеріне көшудің экономикалық нәтижелері зерттелді.

ҚР агроқұрылымдарының шаруашылық жүргізудің органикалық әдістеріне көшуінің әлеуметтік әсері анықталды.

ҚР агроқұрылымдарының шаруашылық жүргізудің органикалық әдістеріне көшуінен кейінгі экологиялық жағдайдың өзгерістері зерттелді.

"Өрістен үстелге дейін" және "фермадан шанышқыға дейін" қағидаттары бойынша өнімнің бүкіл өмірлік циклі бойынша органикалық өнімдерді қадағалау жүйесінің тұжырымдамасы әзірленді.

Қазақстанның зерттелетін облыстарында органикалық өнімді тиімді өндіру мен өткізудің ұйымдастырушылық-экономикалық шарттары айқындалды.

БҒСБК (ККСОН) ұсынылған Отандық журналдарда 2 мақала жарияланды..

Scopus (Q3) пәнаралық журналдарында нөлдік емес импакт-факторы бар шетелдік журналдарда 1 мақала жарияланды.

Органикалық өндіріс бойынша 1 бейнефильм түсірілді.

Органикалық өндіріс бойынша семинар өткізілді.

Бакалавриаттың 3 дипломдық жұмысы қорғалған.

2 магистрлік диссертация қорғалды.

Зерттеу тобының мүшелері:

1. Қарабасов Расул Асылбекович Индекс Хирша 4.
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57194524235>, <https://orcid.org/0000-0003-1963-3097>,

2. Булашев Бердибек Кабикенович

3. Орынбекова Гульнар Ахмедовна Scopus Author ID: 57204568761 ORCID icon
<https://orcid.org/0000-0002-2863-2611>

4. Беспаетва Роза Санзызбаевна Scopus Author ID: 57193856619 ORCID icon
<https://orcid.org/0000-0002-3955-9237>

5. Пягай Александр Анатольевич. Индекс Хирша 2.
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56127534300>. <https://orcid.org/0000-0002-1590-872X>.

6. Оспанкулова Гульназым Хамитовна

7. Нурманов Ербол Тулешович

8. Кеңес Гүлжиһан Кеңесқызы Индекс Хирша 1. <https://orcid.org/0000-0001-8529-8923>

9. Матайбаева Гаухар Аскеровна

10. Айдынов Зейн Пшенбаевич
<https://www.scopus.com/results/authorNamesList.uri?st1=Aidynov&st2=&origin>

11. Бодаухан Кайрат

12. Нурмаганбетов Кайрат Қуанышбаевич

13. Куттаякова Гульмира Жумадиляевна

14. Шапенова Куралай Каирбековна

15. Ибжанова Айнур Алимбаевна

16. Кульмагамбетова Айсулу Султановна Индекс Хирша 1.
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57204894459>.

17. Хапова Алена Викторовна Индекс Хирша 1
<https://www.scopus.com/results/authorNamesList.uri?st1=Hapova&st2=&origin>

18. Карсыбаева Карлыгаш Алпысовна

19. Жунусова Майра Саруаровна

20. Рамазан Рабига Асылбековна

Осы жобаның көлемінде жарияланған жариялымдар мен патенттердің тізімі:
(оларға сілтемелермен):

Әлеуетті пайдаланушыларға арналған ақпарат:

Ғылыми-техникалық бағдарлама нәтижелері ғылыми зерттеулердің күнтізбелік жоспарына сәйкес жоспарланған семинарлар жұмысында апробацияланатын болады. Семинарлардың өтетін орны мен уақыты қосымша хабарланады.